

БЕКІТЕМІН: Тушев
 «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы»
 МКҚК – ның директоры Тулешова Г.Д.
 «31» мамыр 2023 жыл

Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Директор; Әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Директор; Әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу;	Мамыр Маусым	Директор; Әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің

<p>- МДҮ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.</p>		<i>мамандары шақырылады)</i>
<p>Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында, аулада жүру ережесі.</p>	Мамыр Маусым	Әдіскер Тәрбиешілер
<p>Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публицикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру ; -«Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңын ұйымдастыру.</p>	Мамыр	Әдіскер
Шкезең. Әкімшілік –басқару бақылау		
<p>Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.</p>	Мамыр	Директор; Әдіскер Шаруашылық менгерушісі
<p>Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау</p>	Жаз бойы	Әдіскер

Күні тәртібінің орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер Психолог
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым- Тамыз	Директор; Әдіскер Медбике
Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - Тамыз	Директор; Әдіскер Медбике
3. III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - эргономикалық шешімдер қабылдау; - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.	Маусым- Шілде	Әдіскер; Медбике
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі» Семинар – практикум:	Жаз бойы	Әдіскер

<p>1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері» 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары» Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрі қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</p>		
<p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары</p> <p>1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - буклеттер; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; - кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. <p>2. Санитарлық бюллетендер шығару:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер». 	Жаз бойы	Әдіскер Медбике
<p>Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру</p>	Жаз бойы	Әдіскер

Балалармен жұмыс

<p>«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау ; - балалардың пікірін, идеяларын ескеру; - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгеруді ойын нысанында іске асу ; - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың 	Жаз бойы	Әдіскер, Тәрбиешілер
---	----------	-------------------------

қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру; - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту		
Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Балалар денсаулығы мониторингі	Мамыр	Медбике
Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер Медбике
Жаттығулар: - таза ауадағы дене шынықтыру; - ертеңгілік жаттығулар; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер; Медбике
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	жоспар бойынша	Медбике
1. Спорттық ойын, жарыстар: - спорттық ойындар; - спорт жарыстары; - эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері. 4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (<i>мүмкіндігінше таза ауада</i>).	Жаз бойы	Директор; Медбике; Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату); - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.	Жаз бойы	Тәрбиешілер

<p>Арнайы жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тынысалу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. 	Жаз бойы	Тәрбиешілер
<p>Балалармен әңгімелесу: -«Денсаулық сағаты».</p>	Жаз бойы	Медбике
<p>Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау</p>	Жаз бойы	Тәрбиешілер; Медбике
<p>Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру</p>	Жаз бойы	Дәмбике ; Бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
<ul style="list-style-type: none"> - ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында«жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту 	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер Тәрбиешілер
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
<p>Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу</p>	Тамыз	Тәрбиешілер
<p>Жазғы сауықтыру шараларының аяғында ата-аналармен кері байланыс өткізу</p>	Тамыз	Тәрбиешілер

Денсаулық мониторингі	Тамыз	Тәрбиеші; Медбике
«Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау»	Тамыз	Директор; Әдіскер

**«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары
2023 жылға арналған**

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (01.06-09.06) «Бақытты балалық шақ»		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - мерекелік ойын –сауық өткізу. Ата-аналармен бірлесіп балаларға сыйлыққа тәттілер мен ойыншықтар тарту ету; «Әжелер қонаққа келді» әжелер қойған ертегіні көру.	01.06
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында* ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	02.06
Кәусәр бұлақ	Балалардың көрген «Бауырсақ»; «Шалқан» ертегілерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша ертегілер кейіпкерлерінің образын тандап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	05.06

2-апта (06.06-10.06) «Бәрін білгім келеді»

«Мен Ұланымын!» елімнің	Отан туралы өлендерді жатқа айту ; оқып беру. Ата- аналар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. «Ат жарыс»; «Ханталапай»; «Білек күшін сынаспақ»	06.06
«Бәрін білгім келеді»	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Жәндіктерді таныық» (Құмырсқа , қоңыз; ұшатын жәндіктер: ара, көбелек) тәрбиешісі сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру. « Жәндіктер » (Құмырсқа , қоңыз; ұшатын жәндіктер:шыбын, ара, көбелек) электронды тактадан көрсету.	07.06
Андар мен аңшылар	Альбомдар көру: «Андар», «Құстар», «Гүлдер»... «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Андардың үйшігі». Қоршаған ортаны қорғау бойынша бүктеме жасау, көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен)	07.06
Мейірімді достарым	Андар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде андар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: https://bilimkids.kz/kk/videos/10 ; https://bilimkids.kz/kk/videos/26).	08.06

Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасауды көрсету Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі». Плакатқа ұжыммен ағаш жапырағының суретін саусақпен салу.	09.06
3 апта «Жаз да келді, көңілді (12.06-16.06)		
Ертегі еліне саяхаттау	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік ертегі», ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.	12.06
Сабын көпіршіктері күні	«Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету (https://www.youtube.com/watch?v=V6yvCQOwjT4).	13.06
Теңіздегі тіршілік	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.	14.06
«Денсаулықты сақтаймыз!»	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	15.06
Табиғат аясында	Жыл мезілдері (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/20). Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау Жапсыру «Күлімдейді күн маған»	16.06
4-апта «Қауіпсіз жаз» (19.06-23.06)		
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» https://bilimkids.kz/kk/videos/11	19.06
«Тазалық–денсаулық кепілі»	Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны.	20.06.

Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	21.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді карап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету (ресурстардың үлгісіне сілтеме: https://www.youtubekids.com/) Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу.	22.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы. «Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» ойыны. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау.	23.06.06
4 апта (26.06-30.06) «Гүлденген табиғат»		
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдістелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. Қимыл-қозғалыс ойыны «Тауықтар пен Түлкі».	26.06
Су әлемінде	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	27.06

Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	28.06
Түрлі-түсті кемпірқосақ күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу, шарларға сурет салу, ең көңілді шар конкурсы, жер телімінде түрлі-түсті шардан кемпірқосақ жасау.	29.06
Құмдағы ойындар	Құм ойындарын ойнату. Құмға су құю. Өртүрлі қалыпқа салып бейнелер салу.	30.06
1 апта (03.07-07.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»		
Менің сүйікті отбасым	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	03.07.
Менің сүйікті кейіпкерім	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	04.07
«Сүйікті қалам–Нұр-Сұлтан»	«Елімнің жүрегі –Нұр-Сұлтан», әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу байқауы. «Менің сүйікті қалам» үздік ән байқауы.	05.07
«Мерейлі отбасы»	«Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	07.07
2 апта «Жазғы сайыстар» (10.07-14.07)		
«Анам, әкем және мен –	«Әлди-әлди ақбөпем» членджі, әжесінің бесік жыры.	10.07

тату-тәтті отбасы» «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы	Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «Отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	
«Ұлы дала баласы» «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	11.07
Жүгіреміз, зырлаймыз	«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) https://bilimkids.kz/kk/videos/11 . Көркем шығарма оқып беру. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», « Орамал тастамақ» және т.б.	12.07
Спорттық ойындар күні «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы	Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау. https://bilimkids.kz/kk/videos/18 , https://bilimkids.kz/kk/videos/1 , https://www.youtube.com/watch?v=CQt2QNRsBk , https://www.youtube.com/watch?v=DfR5Bi7nmfg	13.07
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым».	14.07
	3 апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (17.07-21.07)	
«Олимпиада алауы» «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар.	17.07

	Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары».	
Алтын балық	Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	18.07
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). Табиғатты бақылау.	19.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (апликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын көпсіту, суару, тазалау.	20.07
Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	21.07
	4-апта «Менің достарым» (24.07 -28.07-31,07.)	
«Туған өлкем»	Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.	24.07
Әдептілік – әдемілік	«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру.	25.07

	Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны».	
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру, «Досыма сыйлық».	26.07
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас.	27.07
Менің достарым	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	28.06
Достық аллеясы	Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	31.07
1 апта «Ас атасы – нан» (01.08-04.08)		
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	01.08
Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу.	02.08
Нан болса ән де болады	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - «Наубайхана» жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру.	03.08

Егіс алқабында	<ul style="list-style-type: none"> - «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру 	04.08
2 апта «Мен және қоршаған орта» (07.08-11.08)		
Жемістер мен көкөністер	<ul style="list-style-type: none"> - «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру. 	07.08
Менің нәзік достарым	<ul style="list-style-type: none"> - Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру; - «Гүлге оранған арулар мен балалар» байқауын өткізу (ән айту, би билеу) 	08.08
Менің адал достарым	<ul style="list-style-type: none"> - Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/6); - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу 	09.08
Саясында шатырдың	<ul style="list-style-type: none"> - Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету. 	10.08
Ханталапай	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру. 	11.08
3 апта «Өнер көзі халықта»(14.08-18.08)		
«Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы		

Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!	<ul style="list-style-type: none"> - Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу - сюжетті рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б. 	14.08
Қуыршақ театры	<ul style="list-style-type: none"> - Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру; - тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату; 	15.08
Сөз асылы шешендік . «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» ойын алаңы	<ul style="list-style-type: none"> - «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджи бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат»сүйікті ертегілерді айтқызу;Мемлекеттік тілде мультфильмдер көрсету; қазақ тіліндегі ертегі қойылымдардарды көрсету; жарыстар ұйымдастыру. - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», мақал-мәтел айтудан сайыс ұйымдастыру 	16.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	<ul style="list-style-type: none"> - «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу. 	17.08
Өнерлі өрге жүзер	<ul style="list-style-type: none"> - Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету. 	18.08
	4 апта «Ғажайыптар әлемінде» (21.08-25.08)	
Ел іші – өнер кеніші	<ul style="list-style-type: none"> - Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру; - театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; -рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; - қойылымды қою. 	21.08
Балабақшам өз үйім	<ul style="list-style-type: none"> - «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; 	22.08

	- тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен тандап, ойнауға мүмкіндік беру	
Бір, екі, үш бойға жинап күш	- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп тандатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбек әрекеттерін бірлесіп жасату; - ұлттық ойын «Бәйге» ойынын ойнату.	23.08
Менің Қазақстаным	- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; - «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдынала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп тандату.	24.08
Алтын сақа	- «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу; - «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; - «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату; - асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу; - асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.	25.08
	5 -апта (28-31.08 2023 ж) (30.08. –мереке ,демалыс күні)	
Шебер қолдар	Театрландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	28.08
Конституция күні	-байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру; Балалардың жас ерекшеліктеріне сай «Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік әндер тыңдату; тақпақ айтуды ұйымдастыру.	29.08.
Ұлттық ойындар	Баланың жас ерекшелігіне сай ұлттық; ұлттық спорттық ойындардың түрлерінен сайыс ұйымдастыру. «Ханталапай», «Аударыспақ», «Тай жарыс» ,«Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ». Марапаттау.	31.08. 2023ж.